

Бекітемін:

Қызылорда облысының білім басқармасының

«Қазалы ағаны бойынша білім өлімінің»

№28 «Ақбота» бабақнай-бабақшасының МКҚК
меңгерушісі Жолбалды Б.



Вариативті компонент

«Ұлттық ойындар»

«Қарлығаш» мектепалды тобы

2022-2023 оқу жылы

Р/С	Тақырыбы	Мақсаты:	Шарты:	күні
1	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» 1. Ойын түрімен таныстыру Ақсерек-көксерек, қыз қуу ойындары 2. «Ой-қозғау». «Қазақтың ұлттық ойындарының» суреттері көрсетіледі. 3. Балалар ойын ойнайды қауіпсіздік ережелері сақталады	Ұлттық ойындар дене шынықтыру іс-әрекетінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру;	Топқа бөлу: Ақ серек және көк серек топтарына фишкалар арқылы бөлінеді	Қыркүйек I апта
2	1.Ойын түрімен таныстыру Ой қозғау, тақпақ айту. 2.«Алысқа лақтыр», 3.«Сиқырлы таяқ»	Балалардың ұлттық ойын түрімен таныстыру. Қазақ халқының ойынын ары қарай жетілдіріп дамыту. Икемділікке, шапшандылыққа, төзімділікке тәрбиелеу	Эмоционалды орта құру; Жұмбақтар арқылы - Сырты жасыл қатты Іші қызыл тәтті. (қарбыз) Жерде жатып желіндейді, Күз түскенше желінбейді. (қауын) Әр желінің асты толған көк қоян, Жаз болғанда көк қоянды жеп қоям. (қияр) Топқа бөлінеді	Қыркүйек Папта
3	1. Суреттері көрсетіліп, ережесін түсіндіру. 2.«Теңге ілу», 3.«Күш сынаспақ»	Балалардың ұлттық ойын туралы түсінігінің болуы. Шапшандылықтарын арттыру, сөздік қорларын дамыту	Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады	Қыркүйек Шапта
4	2. 1. Ойын түрімен таныстыру 2.«Аңшылар», 3.«Тышқан мен мысық»	Қазақтың ұлттық ойынымен таныстыру. Ойын барысында аңшылардың кім екенін балалардың естеріне түсіру. Тапқырлыққа баулу. Әр мамандықты құрметтеуге тәрбиелеу.	Ойын барысында аңшылардың кім екенін балалардың естеріне түсіру. Тапқырлыққа баулу. Әр мамандықты құрметтеуге тәрбиелеу. Ойынға қатынасатыншылар араларынан біреуін ойын жүргізуші етіп сайлап алады да, кең жазық алаңға жиналады.	Қыркүйек 4 апта
5	1. Ойын түсіндіріліп, қауіпсіздік ережесі жайлы айтылады. 2. «Күш сынаспақ» 3. «Арқан тарту»	Қазақтың әдет-ғұрпымен таныстыру. Дәстүрлік таным түйсігін дамыту. Ой-өрістерін жетілдіру. Ұлтжандыққа, еңбекқорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу. Дескриптор: Құндылықтарды дарыту • «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын, білімге деген қызығушылығын қалыптастыру. • Қарым-қатынас дағдыларын дамыту, жаттығу жасау барысында сыни тұрғыдан ойлану. • Сана сезім, адалдық, басқа адамдардың ойын құрметтеу, адал болу.	Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тірек қол бастарын айқыстырады. Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. Арқантарту ойыны: Балалар топ болып екіге бөлінеді	Қазан I апта

6	1. Кейіпкерлерімен таныстырылып, ережесі түсіндіріледі. 2.«Түлкі мен балапандар» 3. «Белбеу соқ»	Балалармен қимылды ойын түрін ойнау. Ұйымшылдыққа, шапшаң және шыдамды болуға үйрету. Денсаулықты сақтауға тәрбиелеу.	Құралдар: түлкі мен балапандар бөп перделері. Ойын шарты: Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды.Топ ішінде бір баланы «түлкі» етіп сайлап,қалған балаларды балапандар деп әрқайсысына бетперде кигізіп ойын ойналады.Ойында балапандар түлкі кейіпкеріне ұсталып қалмауы үшін,тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс.Балалар шапшаң кең бөлмені айнала қашуы тиіс	Қазан Папта
7	1.Ойын ережесімен таныстырылып суреттер көрсету. 2.«Орамал тастамақ 3.« Арқан тарту»	Балаларды ойын барысымен таныстыру. Эстетикалық мәдениетін дамыту. Еңбекқорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу	Балалар шеңбер жасап тұрады.Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді.Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артамда деп жауап береді.Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең,тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек.Ойын осылай жалғаса береді	Қазан Шапта
8	1. Ойын ережесі түсіндіріледі. 2.« Арқан тарту» 3.Хан «алшы	Балаларға қазақ халқының әдет-ғұрыпымен, салт-дәстүрімен таныстыра отырып, ұлттық ойын түрімен танысу. Эстетикалық мәдениетін дамыту. Еңбекқорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу	Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады.Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады Қай топ арқанды өз жағына тартып,алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса ,құламаған бала жеңіске жетеді.	Қазан 4 апта
9	1.Түсіндіру керекті құралдарын дайындау 2.«Ат жарыс» , 3.«Алақушік»	Балаларға қазақ халқының әдет-ғұрыпымен, салт-дәстүрімен таныстыра отырып, ұлттық ойын түрімен танысу. Эстетикалық мәдениетін дамыту. Еңбекқорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу.	Ойын балалардың таза ауада дем алуларына жүгіруге, жылдамдыққа, тез шешім қабылдай білуге, сергектікке үйретеді. Бұл ежелгі халық ойындарының бірі. Ойынды көбінесе жазық алаңда, мектеп ауласында жазғытұрым, күз айларында ойнайды. Ойынға жиналғандар топтасып тұрады да, араларынан біреуі «алақушік» етіп белгілейді.	Қараша Іапта
10	1.Ойынбарысы түсіндіріліп, ережесі таныстырылады. 2.«Алақан соқпақ» , 3.«Түйілген орамал»	алаларды аз қимылды ойын түрімен таныстыру. Ойын барысын түсіндіру. Сөздік қорын дамыту. Қызығушылықтарын	Біз балдырған баламыз, Құстай қанат қағамыз. Ойын ережесі көрсетіліп, балалар шеңбер бойына жиналады.	ҚарашаII апта

		арттыру. Ұлттық ойынды қастерлеуге тәрбиелеу.		
11	1 Балаларға тақпақ үйрету. 2. «Аударыспақ» , 3.«Такия тастау!»	Балаларды ұлттық спорт ойынымен таныстыру. Балалардың күштерін сынау. Спортқа деген қызығушылықтарын дамыту.	Қазақтың кәдімгі ұлттық ойын спорт ойыны.Қарапайым бөренеден «ағаш ат» жасаудың еш қиындығы жоқ.Екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай) ұзындығы 70-80 сантиметрдей бір –біріне қапталдас орналасқан «ағаштардың» ара қашықтығы екі жақтан созылған қол ерін жектетіндей болса жеткілікті..Оларға мінген «шабандоз» балалар бір-біріне қарама қарсы отырып қол ұстасады.	Қараша Шапта
12	1.Түсіндіру, керек құралдарын балалармен бірге дайындау. 2.«Бес тас.», 3.«Асық тасу»	Асық түрлерімен, асық атауларын таныстыру. Асық түстерін атау. Ептілікке, мергендікке баулу. Ұлтжандыққа тәрбиелеу	Ойыншылар тегіс жерді таңдайды. Ортасына түзу сызық сызады. Оған жағалай асық тізеді. Ойынды бастаушы асық тізілген жерден бес табанға тең аралықты белгілеп алып, шеңбер тартады. Ойыншылар шеңберге кірмей (баспай) ортадағы асықты атады. Сақа тиген асық міндетті түрде шеңберден шығуы керек. Кім көп асықты атып шеңберден шығарса сол ұтады.	Қараша 4апта
13	1.Түсіндіру 2.«Хан Әлші», 3.«Шабандоздар»	Ұлттық ойынды дұрыс ойнауға, ойын барысын дұрыс түсіндіріп, үйрету. Балалардың байқампаздығын, шапшандылығын дамыту. Ұжымшылдыққа тәрбиелеу.	Ойынға қатынасушы жастар жиылып келіп, асау мәстек құрады. Ол үшін 4—5 қадамдай қашықтықтан екі мықты қада қағады. Кейде бұған өсіп тұрған екі ағашты да пайдалануға болады. Жерден 50—70 см. биіктікте екі қаданың арасына арқан байлайды да, оның үстіне ескі көрпеше (шапан, тон) салады.	Желтоқсан Іапта
14	1.Түсіндірме жұмыстары ж.ргізіледі. 2.«Қармақ», 3.«Жапалақтар мен қарлығаштар»	Ұлттық ойынды дұрыс ойнауға, ойын барысын дұрыс түсіндіріп, үйрету. Балалардың байқампаздығын, шапшандылығын дамыту.	Ойынға он шақты бала қатыса алады. Ортаға «балықшы» шығады. Қолында бір ұшына доп байлаған ұзын жіп болады. Балалар жіп жететін қашықтықта «балықшыны» айнала тұрады. «Балықшы» допты төбесінен айналдыра үйіріп бір баланың басына тигізуі тиіс. Балалар «балықшының» қармағына ілікпес үшін суға сүңгіп, немесе тез жүзіп кетуі керек. Бірақ жіп жететін қашықтықтан алыстауға болмайды. «Қармақ» басына тиген бала «балықшы» болып	Желтоқсан ІІ апта

			ортаға шығады. Ойын жалғаса береді	
15	1.Түсіндіру 2.«Ботақан», 3.« Оқтау тартыс»	Балаларды ұлттық спорт ойынымен таныстыру. Балалардың күштерін сынау. Спортқа деген қызығушылықтарын дамыту. Салауатты өмір сүруге тәрбиелеу	Ойыншылар өз орталарынан атан түйе мен мыстан кемпір сайлап алады. Қалғандары, яғни ботақандар атан түйенің артынан бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрады.	Желтоқсан Шапта
16	1.Керекті құралдарын дайындау 2.«Айгөлек», 3.«Қуалап соқ»	Балаларға ұлттық ойындардың тәрбиелік мәнін түсіндіру. Жігерліктерін, аяушылық сезімдерін дамыту. Ұлттық ойындарды қастерлеуге тәрбиелеу.	Айгөлек–ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден тер шығар. Ақ терек пен көк терек, Бізден сізге кім керек? Бұған екінші топтың ойыншылары жауап береді: Айгөлек–ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден тер шығар. Ақ терек пен көк терек	Желтоқсан 4апта
17	1.Керекті құралдарын дайындау 2.«Киіз үй», 3.«Қырықаяқ»	Балалардың киіз үй туралы түсініктерін кеңейту. Киіз үй бөліктерімен таныстыру. Ойлау, есте сақтау, сөздік қорларын дамыту. Қазақ халқының ұлттық ойындарын қадірлеуге тәрбиелеу	Ойынды далада немесе бөлме ішінде ойнатуға болады. Ойынға қатысатын балалар екі топқа 5 баладан бөлінеді. Жерде бас орамалдары жайылып тұрады. Музыка әуені қосылған кезде, балалар орамалды айнала жүреді. Музыка әуені тоқтаған кезде балалар жерде жатқан орамалды қолдарына ұстап жоғары көтеріп, киіз үйді құрастырады. Осылай ойын бірнеше рет қайталанады.	Қаңтар Іапта
18	1.Т.сіндіру 2. «Киіз үй», 3.«Бөрік жасырмақ»	Балалардың киіз үй туралы түсініктерін кеңейту. Киіз үй бөліктерімен таныстыру. Ойлау, есте сақтау, сөздік қорларын дамыту. Қазақ халқының ұлттық ойындарын қадірлеуге тәрбиелеу.	Ойынға қатысушылар араларынан бір ойыншы шығарып, алыстау жерге таман барып, бөрікін немесе басқа бір бір белгілі затын жасыруға жібереді және өзі де сол маңайына жасырынуы керек.Қалған ойыншылар тығылған ойыншылардың тыққан затын іздеуге кіріседі.Кімде-кім тығылған бөрікті көріп қойып алуға қам жасаса онда иесі бермеуге тырысады.Б	Қаңтар II апта
19	1. Тапсырмалар беріліп, ойынережесін таныстыру, 2.«Ұшты - ұшты», 3.«Сыбыр сөз»	Балаларды аз қимылды ойын түрімен таныстыру. Ойын барысын түсіндіру. Сөздік қорын дамыту. Қызығушылықтарын арттыру. Адамгершілікке, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Ойынның барысы айтылып түсіндіріледі.	Қаңтар Шапта
20	1.Тақпақ жаттау 2.«Орын тап» 3, «Ұйқыдағы аю»	Балаларды аз қимылды ойын түрімен таныстыру. Ойын барысын түсіндіру. Сөздік қорын дамыту.	К\Құраладар:Аю бетпердесі. Бұл ойынға топ балалары 2-ге бөлініп қатысады. Ойын шарты: Топ ішіндегі бір баланы аю бетпердесін кигізіп	Қаңтар 4 апта

		Қызығушылықтарын арттыру. Ұлттық ойынды қастерлеуге тәрбиелеу.	орындыққа отырғызып қояды.Балалар орманда серуендеп келе жатып,ұйқыдағы аю көреді.Аю болса балалардың шуылынан (дыбысынан) оянып кетіп,балаларды қуа жөнеледі.Ұстап алған баланы өз мекеніне отырғызып қояды.ойын қайта жалғаса берекді.	
21	1.Т.сіндіру 2.«Боран» , 3. «Түлкі мен балапандар»	Балаларды ұлттық ойынымен таныстыру. Дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын арттыру. Тәртіптілікке, әдептілікке тәрбиелеу.	Бұл үлкен кең залда болады.Бұл ойынға қажетті заттар «боран» киімі (ақ түсті беп перде,гимнастикалық қабырға болуы тиіс) Ойын шарты:ойынға 8-10 бала қатыса алады.Бір баланы боран киімін кигізіп,қалған балалар боран алып кетпеуі үшін,Боран у-у-у деп келе қалғанда гимнастикалық қабарғаға өрмелеп шығуы керек.Боран соғып балаларды бір айналып өтеді.Ұсталып қалған баланы,боран алып кетеді.	Ақпан I апта
22	1.Түсіндіру 2.«Арқан түю», 3.«Белбеу соқ»	Балаларға ойын түрімен таныстыру. Ұлттық ойындардың сан түрлігін айту. Шапшандылықтарын, ептіліктерін дамыту. Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу.	Балалар шеңбер жасап тұрады. Қолында арқаны бар жүргізуші топ арасынан шығады да:-ойын бастайды – деп дауыстайды.Сонан соң арқанның түйілмеген басын ұстан шеңбер бойымен айналады,арқанды балалардың аяқтарының астынан жібереді.балалар арқан үстімен секіріп тұрады.Кімде-кімнің аяғына арқан ілініп,секіре алмай қалса ол бала ойынды тоқтатып өнер көрсетеді,т	Ақпан II апта
23	1.Түсіндіру 2.«Атқаума» 3.«Қара құлақ»!»	Балаларды ойын барысымен таныстыру. Эстетикалық мәдениетін дамыту. Еңбекқорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу.	Бақа,бақа балпақ басың неге жалпақ? Бұтың неге талтақ Көзің неге тостақ Бұған көзі таңулы бала былай деп жауап береді.:- Темір терсек көп киіп Басым содан жалпақ Теуіп ,теуіп қашырды Бұтым содан тостақ! Балалар қолдарын жіберген кезде бала құлап түссе,айып тартады.Құламай тік түссе қалған текі бала көтеріп жүре береді.	Ақпан III апта
24	1.Түсіндіру 2.«Көтермек», 3.«Хан талапай»	Балаларды ұлттық ойынмен таныстыру. Ойын барысын түсіндіру. Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу	Ортаға екі ойыншы бала шығады.Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім біріні бірін- бірі арқада көтеріп алса,сол бала жеңіске жетедін. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады.	Ақпан IV апта

25	1. Ойын ережесі таныстырылып, түсіндіріледі. 2.«Сақина жасыру», 3.«Соқыр теке»	Балаларды аз қимылды ойын түрімен таныстыру. Ойын барысын түсіндіру. Сөздік қорын дамыту. Қызығушылықтарын арттыру. Ұлттық ойынды қастерлеуге тәрбиелеу.	Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен- «Сақина кімде»- деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.	Наурыз Іапта
26	1Ережесі таныстырылады. 2.«Әуе таяқ» , 3.«Күзетшілер»	Балаларды ұлттық спорт ойынымен таныстыру. Балалардың күштерін сынау. Спортқа деген қызығушылықтарын дамыту. Салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.	Балалар екі топқа бөлінеді.Әр топта 5-тен 10 –ға дейін ойыншы. Болады.Екі топқа екі таяқша (жұмсақ)беріледі,жерге түзу сызық сызылады.Ойыншының біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып,екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады.	Наурыз Папта
27	1.Түсіндіру 2.«Жүйріктер жеңеді», 3.«Белбеу соқ»	Ойын балаларды белгілі бір мақсатта коллективтік әрекет жасауға,шапшаңдыққа, тыныс мөлшерін ретті, қалыпты басқара білуге үйретеді.	Ойынға қатынасұшылар көк және сары топ болып екі топқа бөлінеді. Бір төбенің үстіне ойыншыларға түгелдей жетерлік мөлшерде көк және сары таяқшалар тасталады. Ойынды жүргізуші ретінде басқарушы тағайындалады.	Наурыз Шапта
28	1.Түсіндіру 2.«Қарамырза», 3.«Айдапсал»	Ойын балаларды белгілі бір мақсатта коллективтік әрекет жасауға, шапшаңдыққа, тыныс мөлшерін ретті, қалыпты басқара білуге үйретеді. Дескриптор: Құндылықтарды дарыту • «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы	Ойын басталмас бұрын, оның ережесі түсіндіріледі. Біраз уақыттан кейін ойын бастаушы ойнаушыларға «ойнаймыз» деп белгі берген кезде қатарлас отырған бірі екіншісіне: «Ассалаумағалейкум, Қарамырза!» - дейді. Ойын тәртібі бойынша сәлем салушы: «Уағалейкумассалам, бірінші Қарамырза» - деп жауап беруі керек, егер «уағалайкум», - деп жауап берсе онда сәлем алушы ұтылады. Сөйтіп, аздан соң ойыншылар «жеңгендер» мен «жеңілгендер» болып екі топқа бөлінеді, «жеңген»жақ «жеңілген» жаққа жаза белгілейді: ән, күй тартып, би билейді.	Наурыз IV апта
29	1.Түсіндіру 2.«Жапалақтар мен қарлығаштар», « 3.Туйілген орамал»	Балаларға ойын барысын түсіндіру. Сөздік қорларын, тілдерін дамыту. Құстарға деген	Ойын кең, жазық алаңда өтеді. Ойынға қатынасушыларға шек қойылмайды. Ойнаушылар екі	Сәуір Іапта

		аяушылық сезімдерін ояту.	топқа бөлінеді де бірінің арқасына бірі арқасын қаратып, екі сан құрып тұрады. Бір қатардағыларды жапалақтар екіншісін 57 қарлығаштар деп атайды	
30	1.Түсіндіру 2.«Қыз –қуу» 3.«Алақан соқпақ»	Балаларды ұлттық ойын түрімен таныстыру. Қазақ халқының ойынын ары қарай жетілдіріп дамыту. Икемділікке, шапшандылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.	Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды (ағаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса сол бала жеңіске жетеді.	Сәуір Папта
31	1.Түсіндіру 2.«Ақ шамшық», 3. «Біз де»	Балаларды ұлттық ойын түрімен таныстыру. Қазақ халқының ойынын ары қарай жетілдіріп дамыту. Икемділікке, шапшандылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.	АҚШАМШЫҚ - ОЙЫНЫ Ойын жүргізуші ойыншыларды араларынан бір кісі өтетіндей етіп дөңгелете отырғызады да, ортаға шығып, өзі екі алақанын беттестіре ұстайды. Ойыншыларға да солай істеуді тапсырады. Содан кейін алақандарының арасындағы сақинаны ойыншылардың біріне тастау үшін айнала жүргізіп, бәрәне сақина тастаудың белгісін жасайды. Алайда ол сақинаны білдірмей біреуге ғана тастайды.	Сәуір Папта
32	1.Түсіндіру 2. «Шабандоздар» 3. «Такия тастау	Балаларды аз қимылды ойын түрімен таныстыру. Ойын барысын түсіндіру. Сөздік қорын дамыту. Қызығушылықтарын арттыру	ДАУЫСТА, АТЫНДЫ АЙТАМ - ОЙЫНЫ Ойыншылар қол ұстасып дөңгелене шеңбер жасап орналасады. Көзі байлаулы бір ойыншы шеңбердің ортасында тұрады да, қолындағы таяғын шеңбер бойында тұрған ойыншылардың кез келгеніне ұТоп: «Дауыста, атынды айтам», дейді.	Сәуір IV апта
33	1.Түсіндіру 2.«Ойлап тапта,қуып жет», 3.« Түйілген орамал»	Ойын балаларды белгілі бір мақсатта коллективтік әрекет жасауға, шапшандыққа, тыныс мөлшерін ретті, қалыпты басқара білуге үйретеді	Алаңның ортасынан арлығы қырық елу см сызық сызылады. Бұл қасқыр жатқан ор. Қалған ойыншылар қозы, лақ болады да, сол сызықтың бір жағында жайылып жүреді. Мұғалімнің ескертуі бойынша қозы, лақтар ордың екінші жағына өтуі керек	Мамыр I апта
34	1.Түсіндіру 2.«Арқанның үстінен секір» 2. 3«Шеңберден шығару	Ойын балаларды белгілі бір мақсатта коллективтік әрекет жасауға, шапшандыққа, тыныс мөлшерін ретті, қалыпты басқара білуге үйретеді.	Ойнаушылар дөңгелене шеңбер құрып тұрады. Бір ойыншы арқанның бір жақ ұшын ұстап, шеңбер ортасында отырады. Екінші ойыншы арқанның екінші ұшына таяқша байлап, шеңбер бойымен айналдырады. Ал балалар арқанды аяқтарының астынан секіре алмай ұстап қалса, сол	Мамыр II апта

			бала ойыннан шығады да, көпшіліктің ұйғаруы бойынша, ортада өнер көрсетеді	
35	1.Түсіндіру 2.«Үй артында қол ағаш» 3. Ат жарыс»	Ойын балаларды белгілі бір мақсатта коллективтік әрекет жасауға, шапшаңдыққа, тыныс мөлшерін ретті, қалыпты басқара білуге үйретеді.	Ойынды топ бала болып ойнайды. Ойын тәртібі: қатысушылар бірінің қолынан бірі ұстап дөңгелене тұрады.ойын бастаушы не белбеу,не орамал алады да ,дөңгеленіп тұрған топтың сыртын айнала жүгіріп былай дейді. Үй артында қол ағаш Желбау тартам , есік аш,-деп бірнеше қайталанады.Дөңгеле тұрған балалар: Үй артнда қол ағаш	Мамыр ІІІапта
36	1Ережесі таныстырылады. 2.«Әуе таяқ» , 3.«Күзетшілер»	Балаларды ұлттық спорт ойынымен таныстыру. Балалардың күштерін сынау. Спортқа деген қызығушылықтарын дамыту. Салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.	Балалар екі топқа бөлінеді.Әр топта 5-тен 10 –ға дейін ойыншы. Болады.Екі топқа екі таяқша (жұмсақ)беріледі,жерге түзу сызық сызылады.Ойыншының біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып,екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады.	МамырІV апта